



ТАҒДЫР ТӘЛГЕГІ

Өкінем бе, білмеймін...

Қазақстанда суррогат ана-лар көбейіп келеді. Суррогаттық, яғни құрсақ ана болу соңғы кездері құлағамыз үйренген құбылысқа айналды. Шарананы тоғыз ай көтеруге келіскен ананың құрсағына сәбидің биологиялық ата-анасының гаметалары енгізіледі. Осылайша әйел нәрестені тоғыз ай көтеріп, дүниеге өкеліп, шынайы ата-анасына табыстайды. Елімізде суррогат ана болудың заңдық құқықтары қарастырылған. Біз бұл мақалаға кейіпкерді көп іздедік. Құрсақ аналардың бір-екеуі бірден бас тартты, біреуі үй ішімен ақылдасып, ақыры қажетсіз деп шешті. Ал Н. ханым ұзақ ойланып барып келісін берді. Дегенмен атын ашып айтпауымызды өтінді. Төменде құрсақ ананың жан сырын қаз-қалпында ұсынып отырмыз.

...Мен өз өміріммен бұрынғыдай күн кешуге тырысып жүрмін... Бірақ жаратылыс заңы – ұлы заң. Ол – ең қатал, қайырымсыз, қатыгез, бірақ әділ заң. Дүниеге келмеуге қалай шарасыз болсаң, өлмеуге де солай дәрменсізсің. Мен сізге басымнан өткен жағдайды



баяндап берейін. Біреуге болмаса да, біреуге ой салар.

Наурыз айы. Жұмыста құрбымның таныстары суррогат ана іздеп жүргенін, табылмай жатқанын әңгімелеп отыр екен. Әңгімеге қосылмай, өз орныма жайғаса бердім. «Н., сен құрсақ ана болуға қалай қарайсың, денсаулығың мықты, әп-әдемі үш қызың бар», – деді құрбым. Жымиып қана: «Сен де айталай екенсің-ау», – дей салдым. Одан әрі сөз қозғап жатпадым.

Сол күні ол құрсақ ана іздеп жүрген А. есімді әйелге мен туралы біраз

мәлімет беріпті. Ертеңіне ұялы телефоныма қонырау соғылды. Жұмыс орным таяу жерге келуімді өтінген жасы үлкендеу кісінің бетін қайтармадым, бардым.

Ұзақ сөйлестік. Бес күн бұрын А.-ға түсінде біреу аян беріпті. «Бұл бекер емес, бекер емес», – дей берді ол. Шынында да, екеуміз бір-бірімізге қатты ұқсайды екенбіз.

«Жарымыз екеуміз отасқалы 17 жыл өтті. Қазақстандағы бар мүмкіндікті пайдаландық, шетел асып қаралып та көрдік. Болмады. 14 жасымда соқыр-

ішегім жарылып, өмір мен өлім арасында жаттым. Әкем қомақты қаражатпен Оңтүстік Кореядан дәрігер алдырып, мені аман алып қалды. Бірақ сол кезде жасалған отаның зардабын әлі тартып келемін. Мені қалайда аман алып қалуды көздеген дәрігерлер, басқа ештеңеге мән бермей, аналық безімнің оң жақ бөлігін алып тастапты. Бала көтеру бақыты бұйырмаған әйел затты – тым бақытсыз. Күйеуім мені қатты жақсы көреді. Бөлек кету ойында тіпті жоқ. Бірақ кім ұрпағының жалғасқанын қаламайды дейсіз? Өзіне үміт артып,

алыстан келіп тұрмыз... Сен де түсін мені, өтінемін, гинеколог дәрігерге барып тексеріліп көрейікші...»

Аядым ба, әлде көңілің аулағым келді ме, жай тексеріліп көруге шешім қабылдадым. Біз, А. мен оның жұбайы С. үшеміз, «Ана мен бала» орталығына бардық. Мені тексеріп көрген дәрігер қуанып кетті. «Сізден айырылуға болмайды бізге», – деді. Суррогат ана болғысы келетін қыз-келіншектердің көбісі жеңіл жүрісті, денсаулықтары жарамайды екен. С. мен А. қатты қуанды. Мен күйеуіммен ақылдасатынымды айттым.

Мән-жайды жолдасым айтып түсіндірген соң, келесі күні төртеуіміз жолықтық. Күйеуім менің жағдайымды қатты ойлады, «денсаулығыңа зиян болмай ма?» деп қайта-қайта сұрады. Өзім де денсаулығым үшін алаңдай бастадым. Бірақ гинеколог бар талаптарды түсіндіріп, бәрі жақсы болатынына сендірді. Біз келістік...

Мені екі ай бойы дайындады. Алған дәрі-дәрмектің қаражатын ерлі-зайыптылар өздері көтерді. Дәулетті болғандықтан, олар ештеңе аяған жоқ. Нотариуска барып, көлемділеу сомаға келістік. Ұрықты жатырыма саларда суррогат аналарды көрдім. Үлкен жастағы әйелдер, басқа ұлттың қыз-келіншектері де отырды. Бірақ қазақтың ұлттық мінезі мұндай жайттарды ашық айтуға ешқашан жібермейді ғой. Бір келіншек: «Мен суррогат ана емеспін, өзімнің туған әпкеме туып беремін», – деп қызарғанды.

Көтеріп жүрген нәрестем өз жұбайымдікі болмағандықтан, өзімді іштей дайындап жүрдім. Психоло-

гиялық өзгерістер де болды. Күйеуіме, қыздарыма дұрыс көңіл бөле алмай жүргеніме қынжылумен жеті ай уақыт өтті. Баланы жарық дүниеге өкелер кезде қасымда А. мен С. болды. Толғағым жеңіл болды, өзім босандым. Бірақ тоғыз ай емес, жеті айлық еді. Егіз ұл... Ұл туғаныма іштей қуандым бір сәт, оның өз балам емес екені есімнен шыққан болуы керек...

Балалар дұрыс жетілгенше инкубаторда жатты. Біреуі бір айдан соң шетінеп кетті. Екіншісі қазір ата-анасының қасында.

Мен перзентханадан шыққан соң төртеуіміз мейрамханаға бардық. С. мырза қатты қуанып жүр екен. Олардың жайнаған жүздерін көру маған ауыр тиді. Бірақ А.-ның ана бақытын сезінуіне себепкер болғаным бәрібір іштей шүкіршілік еттім. Мені риза ғып қайтаруды ойлаған олар сыйлықтарын жасап, ақша салынған конвертті қоярда-қоймай қалтама салып жатты. Кетер-кеткенше алғыс айтудан шаршамаған әйелдің бақытты жүзін көрсеніз ғой!

Қазір, Аллаға шүкір, денсаулығымда ешқандай кінәрат жоқ. Отбасыммен қалыпты тіршілік кешіп жатырмын. А. мен С. алғыс айтып олар күнге хабарла-сып тұрады. Тіпті ұлдың суреттерін уатсап арқылы жібереді. Мен жібермеуім өтінемін. Көрмегенім жөн екенін сеземін.

Бір жылдан соң төртінші қызым өмірге келді. Дегенмен... бір өкініш бәрібір жанымды өртейді. Өзім ғана ұғатын, ал өзгеге беймәлім бір мұң көңілімнен кетпей-ақ қойды...

Жазып алған Жанерке АХМЕТ

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Лимонның емдік қасиеттері



Сүйелдер Екі лимонның ұсатылған қабығын 30% сіркесудан 0,5 стакан құйыңыз, тығыз жабылған ыдыста, кезеңдеп шайқап отырып, 8 күн ашыту. Сүзінді. Осы тұнбада суланған тампонды, күніне бір неше рет сүйелдерге жағыңыз. Секпілдер 100 г бал алып, бір лимонның шырынымен араластырыңыз. Осы қоспамен дәкеден жасалған майлықтарды дымқылдатыңыз және секпілдер жабылған жерлерге 15 – 20 минутқа жағыңыз. Табысқа жету үшін үнемі 15-20 маска жағуға болады. Пипотония төмен қан қысымы болған кезде климатериялық кезеңінде тамақтан соң үгітілген кофе дәмдерінен 50 г, 0,5 кг балдан және бір лимонның шырынымен жасалған қоспаны 2 сағаттан кейін 1 шай қасықтан қабылданыңыз. Қоспаны тоназытқышта сақтаңыз. Бас ауыруы Жана піскен лимонның қабығын алыңыз, цедралан тазартыңыз, қабаққа салыңыз және бірнеше уақыт ұстаңыз. Кейін терінің үстінде лимон қабығының астында қызыл таңба пайда болады, ол қызды және қышиды, ал бас ауыруы басылады. Босанудан кейін тазарту 5 шикі жұмыртқаның қабығын тазартыңыз

және оны 2-3 ұсақталған тазартылмаған лимонмен араластырыңыз. 1 күн ашытып, содан кейін 0,5 литр арақ қосу қажет. 3-6 бойы күніне 3 реттен тамақ ішкеннен 20 минут өткеннен кейін қабылдау қажет. Бели Стақанға бір лимонның шырынын сығыңыз және оған қайнаған су қосыңыз. Ашпа кішкене суғаннан кейін, оны дәкемен сүзінді. Жаңа сауылған сүттің температурасына дейін суытылған ашпамен, қынапты жуыңыз. Салқын суды еш уақытта қолданбаңыз – одан жатыр мен анабезде шаншулар болуы мүмкін. Тістерді нығайту Егер сіз тістеріңіз ақ, ал тамырлары – мықты болсын деп тілесеніз, тістеріңізді лимонның қабығымен ысыңыз. Қан кету Жатырдан қатты қан кетуде жұмыртқаның ақтарын 0,5 шай қасығы лимон қышқылымен араластырып, ішіп қойыңыз. Егер қажет болса қайталаныз. Мүйізгектер Ұйықтар алдында аяқты ыстық сумен буындарыңыз, құрғақ болғанша сүртінді және кішкене балдырмен лимонның қабығын – лимонның шетін мүйізгекке байлап қойыңыз. 4 – 5 күннен кейін мүйізгек толығымен жоқ болып кетеді.

Аяқ сіңірінің тартылуы Аяқтың табанына таңертен және кешке лимонның шырынын жағыңыз және жүрменіз, аяқ кимді шырын кептегенше қименіз. Емделу курсы – екі жетіден аса емес. Тырнақтарды күту Тырнақтар икемділік пен қаттылықты жоғалтпау үшін, оларға лимон шырыны мен май қоспасын жиі жағу керек. Талып қалу 100 г құрғақ лимон қабықтарын ұсатыңыз, 1 л арақ құйыңыз, анда анда шайқап отырып, 3 апта жылы жерде ашытыңыз. Сүзінді. Күніне 3 рет 25-30 тамшыдан қабылданыз. Жасарту Қабығымен 3 лимонды, 3 бас сарымсақ, 3 стакан мұқ жидекті сығыңыз, 7 стакан қайнатылған сумен ашытыңыз, 2 күнге салқын жерге қойыңыз, сүзінді, 400 г бал құйыңыз, араластырыңыз және тағы 2 күнге салқын жерге қойыңыз. Күніне 3 рет 1 ас қасықтан ішіңіз. Бұлақ Құлаққа 2-5 тамшы лимон шырынын тамшылаңыз – бұл ауыруды басады және естуді жақсартады. Қайызғақ 4 лимонның қабығын 1 литр суда 15 минут пісіріңіз, қайнатпаны сүзінді. Шашты қайнатпамен аптасына бір рет шайыңыз.

Coca-Cola: пайдасы мен зияны

Кока-коланы көп ішкен еркектердің белсіздік (ұрықсыздық) кеселіне шалдығу қаупі бар. Даниялық зерттеуші топтың қолында бар деректер бойынша кола ішетін еркектердің спермасының мөлшері кола ішпейтін еркектердің спермасы мөлшеріне қарағанда 30%-ға аз болады екен. «Кока-кола» компаниясы өкілдерінің айтуынша, сусынның негізгі құпиясы кошениль құртынан алынатын азық-түлік қоспада екен. Әдетте оның құрамына кант, кока ағашының жаңағы, фосфор қышқылы, кофеин, карамель, көмірқышқылы қосылады деп көрсетілетін. Енді өндірушілер сусынның түсін өзгертетін бояу ретінде қолданылатын кошениль құртының еш зияны жоқ деп елді сендіруге тырысады. Дегенмен «кока-коланы» адам ағзасына келтіретін зиялы күннен-күнге дәлелденіп отыр. Егер жүргізілген тәжірибелерге сүйенсек, бір стакан кока-колаға салынған кесек ет біраз уақыттан кейін бүрісіп, кішірейіп кетеді екен. Дәрігерлердің пайымдауынша, кока-кола, әсіресе, балаларды бас сүйегіне, ойлау қабілеттеріне орасан зор зиян келтіреді. Жалпы газдалған сусынды мөлшерден тыс пайдалану адам ағзасындағы кальций, темір секілді ең маңызды элементтерді жойып, есесіне құрамындағы есірткі зат өміріңізді екі есеге қысқартады. Есесіне «кока-коланы» тот басқан заттарды, айғырдалған әйнекті сүртуге пайдалансаңыз, керегіңізге жарайды. Америкалық денсаулық сақтау

орғандары «Кока Коланың» рак ауруын туғызуға тікелей «септігін» тигізетінін анықтап отыр. Сусын құрамындағы карамельдің шын мәнінде қоныс алған канцерогендердің қосындысы екені анық болды. Кола өндірушілердің карамель деп жүргені үй жағдайында қантты ерітуден алынатын тәтті емес. «Кока колалық карамель» – аммиак, сульфит және шекерді реакциялау барысында пайда болатын, адам ағзасына зияны орасан сұйықтық. Бұл қосынды бауыр және қалқанша безі рагының өріс алуына жол ашады. «Кока кола» компаниясы шығаратын 4 өнімде жасанды карамель пайдаланылады. Ал, оның екеуіне аммиак қосылатынын білген Вашингтондық ғалымдар дабыл қағуда. Джон Стит Пембортон деген фармацевт адамға қуат беретін шәрбат ойлап тауып, оған адамды сергітетін кока жапырағын қосқан. Бұл өсімдік көпшілікке «кокаин» деген атпен таныс. Сол уақытта кока жапырағына тыйым салынбаған еді. Уақыт өте келе шәрбат саудаға шығарылады. Есірткіден басқа оның құрамында спирт те болған. Көпшіліктің өтініші бойынша спирт құрамынан алынып тасталып, оның орнына онтүстікафрикалық «кола» жаңағының дәмі қосылды. Бірақ сусын тым тәтті болып кетті. Оның дәмін аз да болса кетіру үшін, шәрбатқа су қосуға тура келді. Міне, осылайша Кока-Кола пайда болды. Ал оның сыртындағы жазуды есепші Фрэнк Робинсон ойлап тапты. 1886 жылы Кока-Кола газдалып сатыла бастады. Пембортонның жана



кәсібі бірден алға баспады. Ақша аз түсе бастаған соң, ғалым шәрбат формуласын Аза Кендлер деген кісіге 2000 долларға сатып жібереді. Америка Құрама Штаттарына келген кезінде қалтасында небәрі 1 доллар 75 центі ғана болған Аза Кендлер идеяны жандандырып, «Coca-Cola Company» компаниясының негізін қалайды. 1903 жылы кока жапырағына байланысты қоғамның пікірі өзгеріп, ол құрамынан алынып тасталады. Соңғы статистикаға жүгінсек, Американың ұлттық сусынына айналған Кока-Коланы өлем бойынша бір минуттың ішінде 8000 адам тұтынады. Оның әзірлеу құпиясы жазылған қағаз жеті қат жердің астында сақтаулы.

© www.ZHARAR.com

